БЕКІТЕМІН:
Мектеп директоры:
------------------ Ж. Урazбаева
23 __02__ 2024 ж

КЕЛІСЕМІН:
Оқу ісі жөніндегі меңгерушісі:
------------------ Р. Баймахан
23 __08__ 2024 ж

# Ж. Жабаев атындағы №234 орта мектебі

## 2024-2025 оқу жылындағы бастауыш сынып мұғалімі

## Райм Ақгүлдің « Қызықты математика» үйірме жоспары

Scanned with ACE Scanner

**Түсініктеме**

2-сыныптың оқушысының абстрактілі ойлау деңгейі-дәстүрден тыс және қызықты тапсырмаларды орындауға қажетті логикалық пайымдаулар құру, ой қорытуды жүргізе алу біліктерін қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізуге мүмкіндік береді. Сондықтан бірінші сыныпқа арналған «Қызықты математика» арнайы курс бағдарламасы осы ерекшеліктерді есепке ала отырып құрылған.

Бүгінгі күні математиканың қолданылмайтын жері жоқ. Сондықтан әр оқушыны математикалық сауаттылықтың жоғары деңгейіне жеткізу міндеті тұр. «Қызықты математика» бағдарламасы арқылы оқушылар тез ойлау, жылдам есептеу дағдылары қалыптасады. Бұған қоса математикалық, логикалық, танымдық мағлұматтарды меңгереді, ақыл-ойы, ойлау қабілеті жетілдіріледі.

«Қызықты математика» бағдарламасы арқылы оқушылар қоршаған ортаны таниды, ұлттық мәдениетті, моральды, дүниетанымды сезіне бастайды, сөйлеуге дағдыландыруда оқушының өзіндік ерекшелігі айқындала түседі. «Қызықты математика» бағдарламасы арқылы оқушылар тез ойлау, жылдам есептеу дағдылары қалыптасады. Бұған қоса оқып—үйрену барысында оқушылар алғашқы тілдік мағлұматтарды меңгереді, ақыл-ойы, сөйлеу дағдылары жетілдіріледі.

Көңілді жаттығулар, викториналар, қызықты тапсырмалар құрастыру баланың ойын ұштай түсіп, ұстамдылыққа, еңбектене білуге тәрбиелейді. Оқушының қиялын дамытып, өз бетімен жұмыс істеуге икемдейді. Өтілетін жұмыстар мен тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, білімдерін жетілдіріп, дамытуға арналған.

«Қызықты математика» арнайы курс бағдарламасында келесі тапсырмалар түрлері енгізілген:

-геометриялық мазмұндағы және кеңістік ұғымын дамытуға арналған тапсырмалар;
-жиынмен байланысты амалдарды орындауға арналған тапсырмалар;
-математикалық басқатырғыштар;
-логикалық қортындылар;
-лабиринттер;
-көңілді жаттығулар;
-сөзжұмбақтар;

**Білім беру мақсаты:**

Баланың тұлғалық қасиеттерін: ақыл-ойын, сезімдерін, танымдық және шығармашылық қабілеттерін, ойлау әрекеттерін дамыту, оқушыларға матемитакалық білім, білік, дағдыларын игерту; шығармашылық қабілеттерін арттыру; зейінін, еске сақтау, байқағыштық, қиялдау, танымдық іс-әрекеттерімен өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу.

Scanned with ACE Scanner

**Міндеті:**

- Оқушының тұлға ретінде қалыптасуына әсер ету;
- Ақыл-ойын және ерік пен сезім белсенділігін арттыру;
- Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру;
- Математикалық тілде сөйлеу машығын қалыптастыру;
- Оқушылардың танымдық қабілетін дамытып, қызығушылығын арттыру.
- **Пәнді меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар**

**Білімі мен білігі бойынша:**

10-нан 100-ге дейінгі сандарды оқып және жаза білуі керек. Көбейту кестесін білуі керек.

**Оқушы білуі керек:**

- кері есептер құрастыруды;
- жүздіктерді қосу мен азайтуды;
- екі таңбалы сандарды қосу, азайтуды;
- өрнектерді пайдаланып есеп құрастыру;
- геометриялық фигураларды ажыратуды , тік төртбұрыш, төртбұрыш, шаршы;
- шамалар мен ұзындық бірліктерін.
-
-
-
-
-
-
-

Scanned with ACE Scanner

**« Қызықты математика » тақырыптық жоспар**

**2 « А» сынып**

| № | Тақырыбы: | Сағат саны | Өтілетін уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Математикалық санамақтар | 1 | 17.09.2024ж |
| 2 | Санайық,есептейік, ойланайық! | 1 | 24.09.2025ж |
| 3 | « Апта күндері » | 1 | 15.10.2024ж |
| 4 | Математикалық эстафета | 1 | 22.10.2024ж |
| 5 | Заңдылықты сақтай отырып сандарды табу | 1 | 12.11.2024ж |
| 6 | Қызықты математикалық сайыс | 1 | 26.11.2024ж |
| 7 | Математикалық диктант | 1 | 10.12.2024ж |
| 8 | Өлеңді есептер | 1 | 24.12.2024ж |
| 9 | Геометриялық пішіндермен жұмыс | 1 | 14.01.2025ж |
| 10 | Логикалық есептер | 1 | 28.01.2025ж |
| 11 | Есептер шығару | 1 | 11.02.2025ж |
| 12 | Сандарды цифрмен жазу | 1 | 25.02.2025ж |
| 13 | Кім жүйрік? | 1 | 11.03.2025ж |
| 14 | Өрнек құр, мәнін тап | 1 | 18.03.2025ж |
| 15 | Жақшасыз өрнектер | 1 | 15.04.2025ж |
| 16 | Ойлан,тап | 1 | 29.04.2025ж |
| 17 | Салыстыру | 1 | 13.05.2025ж |
| 18 | Ауызша есептеу | 1 | 20.05.2025ж |
| | 18 сағат | | |

Scanned with ACE Scanner

«Қызықты математика» үйірмесіне қатысатын оқушылар тізімі

| № | Оқушылардың аты – жөні | Үйірме атауы | Үйірме жетекшісі |
|---|---|---|---|
| 1 | Төлеген Арсен | Қызықты математика | Райм А |
| 2 | Жанарыстан Айсұлтан | Қызықты математика | Райм А |
| 3 | Қолғанатова Інжу | Қызықты математика | Райм А |
| 4 | Шегебай Әмина | Қызықты математика | Райм А |
| 5 | Асхатұлы Нұрхат | Қызықты математика | Райм А |
| 6 | Саркыт Анель | Қызықты математика | Райм А |
| 7 | Талғатова Аяна | Қызықты математика | Райм А |
| 8 | Алматұлы Ырысбек | Қызықты математика | Райм А |
| 9 | Ғабит Сәфия | Қызықты математика | Райм А |
| 10 | Файзуллин Нұрзат | Қызықты математика | Райм А |
| 11 | Нұрбекұлы Нұрсұлтан | Қызықты математика | Райм А |
| 12 | Төлегенова Адина | Қызықты математика | Райм А |
| 13 | Данияркызы Диана | Қызықты математика | Райм А |
| 14 | Сагынтай Жанерке | Қызықты математика | Райм А |
| 15 | Ұзакбай Айару | Қызықты математика | Райм А |

Scanned with ACE Scanner

Ж.Жабаев атындағы
№0234 орта мектеп
директоры
Ж.Қ. Уразбаеваға

мен. Бағибергенов. Ғалымжаннан
өтініш.

Осы, өтінішім арқылы білдіретінім
2 «А» сынып оқушысы ұлым
Төлеген. Арсеннің «Қызықты
математика» үйірмесіне
қатыстыруға рұқсат беруіңізді
сұраймын.

өтініш иесі, Бағибергенов.
Ғ. Бағ
02.09.2024ж.

Scanned with ACE Scanner

Ж. Жабаев атындағы №234
орта мектеп директоры
Ж. Ж. Уразбаеваға
Курибаева Елизаветадан.

Өтініш.

Осы өтінішім арқылы білдіретінім 2ᵃ сынып оқушысы ұлым Жанаргистан Әлсұлтанды "Қызықты математика" үйірмесіне қатыстыруға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Өтініш иесі: Курибаева Елизавет[illegible]

02.09.2024 ж.

Scanned with ACE Scanner

Ж. Жабаев атындағы
234 орта мектеп
Директоры
Ж. Қ. Уразбаеваға
Ата - ана Саламатова
Пернегүлден

Өтініш.

Осы өтінішім арқылы білдіретінім 2 "а" сынып оқушысы қызым Қалғанат Інжу "Қызықты математика" үйірмесіне қатыстыруға рұхсат беруіңізді сұраймын.

Өтініш иесі: Саламатова П.
10. 09. 2024 ж.

Scanned with ACE Scanner

Ж. Жабаев атындағы
№234 орта мектебінің
директоры
Ж. Б. Уразбаеваға

Өтініш

Осы өтінішім арқылы білдіретінім 2 «А» сынып оқушысы қызым Шелебай Әминаның «Қызықты математика» үйірмесіне қатыстыруға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Өтініш иесі [signature] А.Абилмасова

02.09.2024 ж.

Scanned with ACE Scanner

Ж. Жабаев атындағы №294 мектептің директоры К.К. Урезбаеваға
Ата-ана Елемова Фатима

# Өтініш

Осы өтініш арқылы білдіре-тінім 2 „А" сынып оқушысы (жиен) Исхатұлы Нұрхатты „Қызықты математика" үйірмесіне қатыстыруға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Өтініш иесі: Елемова Ф. Ж.

02.09.2024ж.

Scanned with ACE Scanner

Ж. Жабаев атындағы
№234 мектептің
директоры Ж.Ғ.
Урзбаеваға
Аты-жөні: Жәлімбетова
Жаңылдан

Өтініш

Осы өтінішім арқылы білдіретінім 2 „А" сынып оқушысы (қызым) Серікт-Әлемді „Қызықты математика" үйірмесіне қатыстыруға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Өтініш иесі: [signature] Жәлімбетова Ж.

02.09.2024ж.

Scanned with ACE Scanner

Ж. Жабаев атындағы
№ 234 орта мектеп
директоры Ж.Қ. Уразбаеваға
Ата-ана Берікбай Айгүл

# Өтініш

Осы өтінішім арқылы білдіретінім 2 „Л" сынып оқушысы қызым Талғатова Аяна Азаматқызы „Қызықты математика" үйірмесіне қатыстыруға рұқсат беруіңізді сұраймын

Өтініш иесі: Берікбай Айгүл

02.09.2024ж.

Scanned with ACE Scanner

Ж. Жабаев атындағы №274
мектептің директоры
Ж.З. Уразбаева-ға
Ата-ана: Жумасова
Бақтыгүл.

Өтініш.

Осы өтінішім арқылы білдіретінім 2 „А" сынып оқушысы (баламның) Амантурын Нурсбекті „Қызықты математика" үйірмесіне қатыстыруыңызды сұраймын.

Өтініш иесі: Жумасова Б БЭ

02.09.2024ж.

Scanned with ACE Scanner

Ж. Жабаев атындағы №234
орта мектеп директоры
Ж. Қ. Уразбаеваға
Ата-ана. Нурлла
Әзеркеден

Өтініш

Өз өтінішім арқылы білдіретінім 2 "А" сынып оқушысы (қызым) Ғабит Сәфияны "Қызықты математика" үйірмесіне қатыстыруға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Өтініш иесі: Нурлла Әзерке Нурл

02. 09. 2024 ж.

Scanned with ACE Scanner

Ж. Жабаев атындағы
№234 орта мектеп
директоры
Ж. Қ. Уразбаеваға
Ата-ана Тулешова
Гульфайруздан

# Өтініш

Осы өтінішім арқылы білдіретінім 2 "Ә" сынып оқушысы ұлым Файзуллин Нурзат «Қызықты математика» үйірмесіне қатыстыруға рұқсат беруіңізді сұраймын

Өтініш иесі Тулешова Г.
[signature]
10.09.2024 ж.

Scanned with ACE Scanner

Ж. Жибаев атындағы №234
Орта мектеп Директоры
Ж. Қ. Уразбаеваға
Қанаева Әнжегүлден.

Өтініш

Осы өтінішім арқылы білдіретінім 2 «А» сынып оқушы Ұлым Нұрбекұлы Нұрсұлтан қызықты математика үйірмесіне қатыстыруға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Өтініш иесі: Қанаева Ә.

10.09.2024 ж.

Scanned with ACE Scanner

Ж. Тәбаев атындағы
№234 орта мектеп
директоры
Ж. Қ. Уразбаеваға
Ата-ана
Ермағанбетова С

Өтініш

Оса өтінішім арқылы білдіретінім 2 „А" сынып оқушысы Толеғенова Айлина „Қазақша математика" үйірмесіне қатыстыруға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Өтініш иесі: [signature]

02. 09. 2024 ж.

Scanned with ACE Scanner

Ж. Жабаев атындағы №234
орта мектеп директоры
Ж.Қ. Уразбаева ға
Жеткергенова Салтанат

Өтініш

Осы өтінішім арқылы білдіретінім 2 „А"
сынып оқушысы қызым Салтанат Жанерке
„Қызықты математика" үйірмесіне қатыстыруға
рұқсат беруіңізді сұраймын.

анасы: Жеткергенова С.

[signature]

02.09.2024 ж.

Scanned with ACE Scanner

Ж. Жабаев атындағы
№254 орта мектеп директоры
Ж. Қ. Ұрзбаеваға
ата-ана: Жолдыбаева Меруерт.

# Өтініш.

Осы өтініш арқылы білдіретінім
2 «А» сынып оқушысы қызым Данеркүл
Дамира-ны қызықты математика
үйірмесіне қатыстыруға рұқсат
беруіңізді сұраймын.

Өтініш иесі: Жолдыбаева М. [signature]

02.09.2024ж.

Scanned with ACE Scanner

Ж. Жабаев атындағы
№234 орта мектеп
директоры
Ж. Қ. Уразбаеваға
Ата-ана
Сатова Жүргүлден

# Өтініш

Осы өтінішім арқылы білдіретінім 2 «А» сынып оқушысы қызым Ұзақбай Айару «Қызықты математика» үйірмесіне қатыстыруға рұқсат беруіңізді сұраймын

Өтініш иесі Сатова. Ж.

02. 09. 2024ж

2 «А» сынып бойынша «Қызықты математика» үйірмесіне қатысу журналы

| р/с | Оқушының аты-жөні | Қыркүйек | | Қазан | | Қараша | | Желтоқсан | | Қаңтар | | Ақпан | | Наурыз | | Сәуір | | Мамыр | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 17.09 | 24.09 | 15.10 | 22.10 | 12.11 | 26.11 | 10.12 | 24.12 | 14.01 | 28.01 | 11.02 | 25.02 | 11.03 | 18.03 | 15.04 | 29.04 | 13.05 | 20.05 |
| 1 | Төлеген Арсен | + | + | + | + | ж | + | + | + | | | | | | | | | | |
| 2 | Жанарыстан Айсұлтан | + | + | + | + | + | + | ж | + | | | | | | | | | | |
| 3 | Қолғанатова Інжу | + | + | + | + | + | + | + | + | | | | | | | | | | |
| 4 | Шегебай Әмина | + | + | ж | + | + | + | ж | + | | | | | | | | | | |
| 5 | Асхатұлы Нұрхат | + | + | + | + | + | + | ж | + | | | | | | | | | | |
| 6 | Сарқыт Анель | + | + | ж | + | + | + | + | ж | | | | | | | | | | |
| 7 | Талғатова Аяна | + | + | + | ж | + | + | + | + | | | | | | | | | | |
| 8 | Алматұлы Ырысбек | + | + | ж | + | + | + | + | ж | | | | | | | | | | |
| 9 | Ғабит Сафия | + | + | + | ж | + | + | + | + | | | | | | | | | | |
| 10 | Файзуллин Нұрзат | + | + | + | + | + | + | ж | + | | | | | | | | | | |
| 11 | Нұрбекұлы Нұрсұлтан | + | + | + | ж | + | + | + | + | | | | | | | | | | |
| 12 | Төлегенова Адина | + | + | + | ж | + | + | + | + | | | | | | | | | | |
| 13 | Данияриқызы Диана | + | + | ж | + | + | + | + | + | | | | | | | | | | |
| 14 | Сағынтай Жанерке | + | + | + | + | + | + | ж | ж | | | | | | | | | | |
| 15 | Ұзақбай Айару | + | + | + | + | – | – | – | – | | | | | | | | | | |

Scanned with ACE Scanner

**Қызықты математика**

**Күні:17.09.2024ж**

**С\ тақырыбы:** Математикалық санамақтар.
**С\ мақсаты:** Ауызша тез санау қабілеттерін дамыту; қосу және азайту кестелерін жаттауға дағдыландыру; бірнеше сандарды ретімен қосуға үйрету.
**С\ барысы:**

**I. Қызығушылықты ояту.**

*1. Хатты қандай жәшікке саламыз?*




| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6+4+2 | 8+2+3 | 4+6+1 | 1+9+4 | 3+7+5 | 14 - 4+3 |
| 5+5+2 | 2+8+3 | 3+7+1 | 5+5+4 | 4+6+5 | 18 - 8+4 |
| 7+3+2 | 1+9+3 | 9+1+1 | 6+4+4 | 2+8+5 | 13 - 3+5 |



**II. Мағынаны тану.** ***Математикалық санамақтар.***

*Табақта 15 алма,*
*Қолымда 4 алма,*
*Барлығын қосқанда,*
*Болады неше алма?*
*Екеуін бердім анама,*

*Екеуін бердім атама,*
*Үшеуін алды інім,*
*Нешеуі қалды өзімде?*

*(12 алма)*

*6 алманың екеуін,*
*Досың сұрап алады.*
*Айтшы сонда нешеуі,*
*Өз қолыңда қалады?*

*(4 алма)*

*11 Түйе, 5 жылқы,*
*2 Сиыр, 1 ешкі,*
*2 Қоян, 3 түлкі,*
*Болды сонда нешеуі?*

*(24)*

*Түйе, бота маң басқан,*
*Төрт аяғын тең басқан.*
*Шұнақ құлақ, 5 ешкі,*
*4 Қозылы, 2 қой*
*Бәрі нешеу айта ғой?*

*(17)*

**III. Толғаныс. Математикалық спринт.** ( бір ұзынша қиылған парақ қағазға жауаптар жазылады. Әр жауап жазылған сайын парақтың шеті бүктеледі.)

1. 11 пиязды аршу керек. 3 пияз аршылды. Аршылмаған неше пияз қалды?
2. Картоп пен пияз бірге 15 кг тартады. Картоптың массасы 7 кг. Пияз неше кг тартады ?
3. Әжесі 16 сәбіз және 8 қызылша сатып алды. Қызылшаның сәбізге қарағанда нешеуі кем ?
4. 6 мен 9 сандарының қосындысын тап.
5. 13 саны – бұл 7 және неше ?
6. 49 –ды 1- ге арттыр.
7. Азайғыш – 14, азайтқыш- 8. Айырманың мәні нешеге тең.
8. 2 ондық 3 бірліктен тұратын сан.
9. 47 - бұл неше ондық, неше бірлік ?
10. 80 –ді 60- қа кеміт.

**IV. Тексеру. Бағалау.**





Scanned with ACE Scanner

**Қызықты математика**
**Күні:24.09.2024ж**
**С\ тақырыбы:** Санайық , есептейік , ойланайық !
**С\ мақсаты:** тірек білімдерін жетілдіру; ондықтан аттау арқылы қосу және азайту тәсілдерін қайталау; сандардың ондық және бірліктер құрамы арқылы қосу және азайту; сандардың құрамын пысықтау; теңдеу құру; қосу мен азайту кестесін жаттату.
**С\ барысы:**

**I. Қызығушылықты ояту.**

***1. Қосу кестесін қайталау.***

11 12 13 14 15

( оқушылар кезекпен шығып , карточкалар сурып, жазылған санға қосу кестесін айтып беру керек )



**II. Мағынаны тану.**

***Есептер шығару:***

3. Бірінші күні – 7 ⎫ ? бет ( барлығы )
   Екінші күні – 3 ⎭
   Ш.: 7 + 3 = 10
   Ж.: екі күнде 10 бет оқыды
4. Қазақ тілінде – 4 ⎫ 10 кітап
   Орыс тілінде – ? ⎭
   Ш.: 10 – 4 = 6
   Ж.: орыс тілінде 6 кітап



5. Тұрды – 10 автобус
   Шығып кетті - 4
   Қалды - ? ( Неше автобус қалды ? )
   Ш.: 10 – 4 = 6
   Ж.: 6 автобус қалды.

**III. Толғаныс.**
**Самат –**
**Ербол –**



Scanned with ACE Scanner

**Дәулет –**

Кім ең ұзыны ?  Ең ұзыны – **Самат**

Кім ең қысқасы ?  Ең қысқасы – **Дәулет**

**Қорытындылау. Бағалау.**





Scanned with ACE Scanner

**Қызықты математика**

**Күні: 15.10.2024ж**

**С\ тақырыбы:** ***Апта күндері.***
**С\ мақсаты:** Апта күндерінің атауын,неше күннен тұратынын есте сақтау.
**С\ барысы:**

**І. Қызығушылықты ояту.**

*1. Сал дем алып, тыныш ал*
*Тақпақ тыңдап ұзын ал.*
*Апта деген ағайдың*
*Жеті бірдей ұлы бар.-*




( оқушылар кезекпен шығып , карточкалар суырып, жазылған апта күндері бойынша сапқа тұрады )

**ІІ. Мағынаны тану.**

Апта күндерін жаңылмай айту үшін күн сайын қандай жұмыс атқарғанымызды айтып шығайық.

***Дүйсенбіде –бақша бардым***
***Сейсенбіде- суға бардым***
***Сәрсенбіде –картоп қаптап***
***Бейсенбіде бақша баптап***
***Жұма күні тақпақ жаттап***
***Сенбіде мен саған бардым.***
***Жексенбіде бір демалдым.***

**ІІІ. Толғаныс**



Scanned with ACE Scanner



**Апта күндерін жазып шығу ( *осындай парақ оқушыларға таратылады)***

**Қорытындылау. Бағалау.**





Scanned with ACE Scanner

**Қызықты математика**

**Күні:22.10.2024ж**

**С\ тақырыбы:*Математикалық эстафета***

**С\ мақсаты:** 20 көлеміндегі сандармен қосу және азайту амалдарын тез,тиянақты, дұрыс орындатуға бейімдеу.

**С\ барысы:**

**І. Қызығушылықты ояту.**

| | |
|---|---|
| ▲▼ + ▼▲ = 77 | 16 + 61 =77 |
| ▲▼ + ▼▲ = 77 | 25 + 52 = 77 |
| ▲▼ + ▼▲ = 77 | 34 + 43 = 77 |

2. Қандай сандармен тек орнын ауыстыру арқылы тұра теңдік шығаруға болады?

| | |
|---|---|
| ▲▼ + ▼▲ = 99 | 18 + 81 = 99 |
| ▲▼ + ▼▲ = 99 | 27 + 72 = 99 |
| ▲▼ + ▼▲ = 99 | 36 + 63 = 99 |
| ▲▼ + ▼▲ = 99 | 45 + 54 = 99 |

**ІІ. Мағынаны тану.**




( оқушылар кезекпен шығып , карточкаларда жазылған мысалдарды шығару бойынша тұрып шеңберді аяқтайды )

**ІІІ. Толғаныс**



Scanned with ACE Scanner



Неше қоян тығылып отыр?

**Қорытындылау. Бағалау.**





Scanned with ACE Scanner

**Қызықты математика**

**Күні: 12.11.2024ж**

**С\ тақырыбы:*Заңдылықты сақтай отырып, сандарды табу.***

**С\ мақсаты:** шығармашылық ойлау қабілеттерін қалыптастыру және ұштау; тірек білімдерін жетілдіру; байқағыштық қасиеттерін дамыту.

**С\ барысы:**

**I. Қызығушылықты ояту.**

*1.*







**II. Мағынаны тану.**

*1 2 4 7 11 16 22 29 37 46*

*2 4 8 14 22 32 44 58 74 92*

**III. Толғаныс.**

Мен екі сан ойладым. Осы екі санды қосқанда **6** шықты. Ал енді осы екі санды азайтқанда да **6** шықты. Бұл қандай екі сан ?

**3 және 3 6 және 0 4 және 2**

**Қорытындылау. Бағалау.**





Scanned with ACE Scanner

*Қызықты математика*

*Күні:26.11.2024ж*

*Қызықты математикалық сайыс*

**Жарыстың өткізілу мақсаты**-оқушыларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу және математика пәніне деген қызығушылықтарын арттыру.

**1-бастаушы:**

-Сәлеметсіздер ме,жиналған көпшілік.Сайысты ұйымдастырушылар атынан жалынды сәлем!

**2-бастаушы:**

-"Қызықты математика"атты сайысымызды ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!

**1-бастаушы:**

-Бүгінгі жарысқа төрт топ қатысып отыр.Топтарды таныстырып өтейік.

**"Тапқырлар"** тобы.

**Ұраны:**"Оқу-білім бұлағы,Білім-өмір шырағы".

**"Ойшылдар"** тобы.

**Ұраны:**"Оқу-білім азығы,Білім-ырыс қазығы".

**"Білгірлер"** тобы.

**Ұраны:**"Білімдіге дүние жарық,Білімсіздің күні кәріп".

**"Алғырлар"** тобы.

**Ұраны:**"Оқусыз білім жоқ,Білімсіз күнің жоқ".

**1-сайыс.**

**"Жаңылтпаштар сайысы"**

*Әр топтан бір оқушы шығып,жаңылтпашты қайталап жарысады.*

1. ***Ұшып кетті ұш құс***
   ***Ұшып келді ұшқыш.***
2. ***Жоғалды бес шыбыш***
   ***Жоқ әлі еш сыбыс.***
   ***Жоқ әлі еш сыбыс***
   ***Жоғалды бес шыбыш.***

**2-сайыс.**

**"Амал таңбаларын қою"**

*Төрт плакатқа үш теңдіктен жазылған.Сол теңдіктер тура болатындай етіп,амал таңбаларын,жақшаларын қою керек.*

| | |
|---|---|
| 1. 27□36=63 | 2. 63□27=36 |
| 35□49=84 | 84□35=49 |
| 16□8□8=0 | 19□15□4=2 |
| 3. 64□16=48 | 4. 80□20=100 |
| 81□51=30 | 89□19=70 |
| 12□5□2=5 | 63□7=70 |



Scanned with ACE Scanner

3-сайыс.

**"Жеміс жинау" сайысы**

*Бұл сайыста әр топтан бір оқушы "Жеміс жинауға" барады. Ол жемістерді алу үшін қызықты әзіл есептерді шешу керек.*

1. ***Маратта бар бес іні,***
   ***Мұратта бар екі іні.***
   ***Қоссаң бес пен екіні,***
   ***Неше болады шешуі?*** **(Шешуі,7).**
2. ***Көлден ұшып жеті қаз.***
   ***Қайтып қонды екі қаз.***
   ***Қонбады оның нешеуі?*** **(Жауабы:5).**
3. ***Табақта бес алма***
   ***Қолымда екі алма***
   ***Қосқанда барлығын***
   ***Болады неше алма?*** **(Жауабы: 7 алма).**
4. ***Алма ағашта бес алма***
   ***Қандай тәтті,жесе алма***
   ***Бесеуінде жеп қойсам,***
   ***Қалады онда неше алма?*** **(Жауабы: 0).**

**4-сайыс.**

**"Геометриялық фигуралардан адам бейнесін салу"**

*-Бір минутта геометриялық фигуралардан адам бейнесін салып және әр мүшесін қай фигурадан салғанын айтып өтеді.*



**5-сайыс. "Жанкүйерлер жарысы".**

*-Қазақ халқында үш деген сан өте киелі сан.Сол санға байланысты сұрақтар қойылады.Сол сұрақтарға жауап беріп,топтарына ұпай жинап,олардың сайыста жеңіп шығуына көмектесіңдер.*

1. –Үш арсыз деп нені айтады? *(ұйқы,күлкі,тамақ).*
2. –Үш биді атаңдар. *(Төле би,Әйтеке би,Қазыбек би).*



Scanned with ACE Scanner

3. –Үш дананы атаңдар. *(Абай,Шоқан,Ыбырай).*

4. –Үш тәттіні атаңдар. *(Ананың сүті,туған жер,баланың күлкісі).*

**6-сайыс.** **"Капитандар сайысы".**

*-Өз өнерлерін көрсетіп, қорғайды.*

Барлық сайыс түрлері қазылар алқасымен 1-ден 5-ке дейінгі баллмен бағаланып,қорытындысы шығарылады.

Әр сайыстың арасында әр топтың жанкүйерлері ән айтып,би билеп көңіл көтеріп отырады.

***Қорытынды ұпайлары саналады.***

***Марапаттау рәсімі өткізіледі.***





Scanned with ACE Scanner

**Қызықты математика**

**Күні:10.12.2024ж**

**С/т Математикалық диктант**

**Мақсаты:** білімдерін пысықтау

1.Сандарды өсу ретімен жазыңыз:

6,68,19,14,87,36,50

2.Сандарды кему ретімен жазыңыз:

8,1,14,7,34,60,50,28,100

3.Мысалдың жауабын жазыңыз:

60-1, 70-1, 79+1, 89+1, 50-1, 69+1.

4.Санды жазыңыз:

5онд. 7бірл.

7онд. 8бірл.

9онд. 0бірл.

6онд. 4бірл.

5. Мына сандарды кейінгі санды жазыңыз:

45,68,70,89,57.

6. Мына сандардың алдында келетін санды жазыңыз:

45,47,90,87,50,61.

7. Мына сандардың аралығындағы сандарды жазыңыз:

47және49

68және70

70және81

8.Минутпен өрнекте:

1сағ.20мин =...мин   1сағ.40мин.= ...мин.

90мин.=...сағ. ...мин.   1сағ.30мин. = ...мин.



Scanned with ACE Scanner

1сағ.10мин = ...мин.　　　70мин. = ...сағ. ...мин.

9.Тиісті жерге жақша қой:

10+60-40=30　　　80-30-30=20

70-20+10=40　　　100-50-50=0

70-20+10=60　　　100-50-50=100

10.Өрнектерді жаз және олардың мәнін тап:

А) 10және 50 сандарының қосындысына 7-ні қос;

Ә) 80-ге 18 бен 9сандарының айымасын қос;

Б) 45 пен 5 сандарының айырмасынан 20-ны кеміт;

В) 90-ға 21 мен 11-дің айырмасын қос.

11. Жеңіл машина бірінші күні 40м жол жүрді, ал екінші күні 30м жол жүрді.Жеңіл машина барлығы неше метр жол жүрді?

12. Сыныпта 30 оқушы болды.15 оқушыны ата-анасы келіп үйіне алып кетті.Сыныпта неше оқушы қалды?

13. Автобусқа 7 қыз бала және одан 3-уі артық ер бала мінді.Автобусқа неше ер бала мінді?

14. Күрделі теңдеуді шеш:

25+x=41+12　　23+y=88　　59-y=11+18

45-x=100-60　　67-y=45　　y-30=56

Бағалау: 14-13 -« 5; 12-11 - « 4 »;10 – 9 - « 3 » ; 8 -- - « 2 »



**Қызықты математика**
**Күні:24.12.2024ж**
**С\ тақырыбы:** Өлеңді есептер
**С\ мақсаты:** тез есептеуге бағыттау; шығармашылық ойлау қабілеттерін қалыптастыру және ұштау; тірек білімдерін жетілдіру; байқағыштық қасиеттерін дамыту.
**С\ барысы:**

**I. Қызығушылықты ояту.**

Қосу мен азайту –Ойды анық, таза айту.
Сөз қысқа да, ой нұсқа, Нәтижесі дәл айту.
Шөлдің кері – теңіз бе ? Арық емес, семіз бе?
Ал азайту қарсы амал – Қосуменен егіз бе?
\+ -

**II. Мағынаны тану.**

***Өлеңді есептер***

**Барлығы қанша қарға?**

*Келеді ұшып екі қарға*
*Топ достарын ертіпталға.*
*Болды елу әлгі жиын,*
*Санағанда демей қиын*
*Болмаңыздар әбігер*
*Табылар ебі бәрібір*
*Айтар есеп шартын кім*
*Теңдеу құру тәртібін ?*

*( Жауабы: 2+x=50; x=48)*

**Кетті бірге нешеуі?**

*Кездесіп бір топ ақменен,*
*Болды отыз бас, малыменен*
*Олар кетті һәм достасып*
*Үш түлкімен қоштасып,*
*Әуре болып зерек досқа*
*Теңдеуді ойлап құрыңыз*
*Сан қанша айта тұрыңыз?*

( Жауабы: x + 3 30; x 27)

**Бәрі қанша құс болды?**

*Мынауда бір санамақ*
*Өздерің кр саралап:*
*Төбеден торт боктері*
*Аңдыпты қос кептерді*
*Шыңқылдаса көп қарға*
*Секем ап, бір дауыстан*
*Безектеп бес саусақтан*



Scanned with ACE Scanner

*Алты белден асыпты*
*Тым тырақай қашыпты*
*Ұш үкі үркіп ұшыпты*
*Тасқа құлап түсіпті*
*Жарда жеті жапалақ*
*Отырғанда қаталап*
*Топ – топ тоғыз тоқылдақ*
*Қарғып кеткен топырлап*
*Бүтін қызық іс болды*
*Бәрі қанша құс болды?*

(Жауабы: 31 құс)

*Дүкеннен кеп сабын алдым*
*Оның және қабын алдым*
*Екі дәптер бір қарындаш*
*Тіс ысқышты тағы алдым*
*Есептеші сонда бәрі*
*Қанша болды қолда бары?*
( Жауабы 6 )
*Бақшаға жақсы аға*
*Көп көп ойыншық*
*Келді алып : бір балық*
*Екі есек, үш үйрек*
*Төрт түлкі, бес бүркіт*
*Алты арғымақ, жеті жарғанат*
*Сегіз саулық, тоғыз тауық*
*Он торпақ. Болма есепке сен шарқақ!*
**( 1 + 2 + 3 + 4 + 5 + 6 + 7 + 8 + 9 + 10 = 55)**

**Қорытындылау.**





Scanned with ACE Scanner